

Элвин Холл



АҚША

ЖАЙЫНДА
ӘНГІМЕЛЕЙІК

АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ
2012



ЛОНДОН, НЬЮ-ЙОРК, МЮНХЕН,
МЕЛЬБУРН, ДЕЛИ

Редакторлары – Захавит Шалев пен Флер Стар
Дизайнерлері – Лаура Робертс-Йенсен, Хеди Гутт, Карен Худ

Басылым менеджері – Бриджет Джайлз
Иллюстрация бойынша ғылыми жұмыс – Гарриет Миллз
Өндірістік бақылаушы – Клэр Пиарсон
Өндіріс редакторы – Клэр Маклин
Супермұқабаның дизайнері – Карен Худ
Супермұқабаны өңдеуші редактор – Мариса О'Киф
Супермұқабаның копирайтері – Адам Паули

Кеңесшісі – Энтони Ройбен

Достығы және менің еңбегіме деген ынтасы үшін Стефани Джексонға, достарымның кішкентай балалары: Бен Фармброуға, Сэм Фармброуға, Лара Хоуга, Сэм Левинтальға, Алекс Макензиге, Джейми Макензиге, Джеи Саггарға, Рие Саггарға, Эвери Вуде Веберге, Якоб Вуде Веберге арналады. Сонымен бірге осы кітапты оқығаннан пайдалы мәліметтер ала алады деген үмітпен барша қауымға арнаймын.

Foreword copyright © 2008 Alvin Hall
Copyright © 2008 Dorling Kindersley Limited
A Penguin Company

ISBN 978-1-40532-189-1

Discover more at
www.dk.com

Барлық құқығы қорғалған. Кітаптың ешбір бөлігі қандайда бір формада болмасын авторлық құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады.

АҚША ЖАЙЫНДА ӘНГІМЕЛЕЙІК

УДК 087.5
ББК 74. 202.4
Х-69

Орыс тілінен аударған А. Дәулетбаева
Редакторы А. Сужикова
Корректоры Б. Кумыкбаева
Компьютерде беттеген С. Ахметова

ISBN 978-601-01-0757-1

Басуға 22.02.12 қол қойылды. Пішімі 60х90/8.
Есептік баспа табағы 18,92. Шартты баспа табағы 12,0.
Офсеттік басылым. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №426.

«Алматыкітап баспасы» ЖШС,
Алматы қаласы, 050012, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10,
e-mail: alkitap@intelsoft.kz.

Кітаптарды «Алматыкітап баспасы» ЖШС-ның
Астана қаласындағы Абай көшесі, 39-үй, тел. (7172) 32 77 67,
Иманов көшесі, 10-үй, тел. (7172) 53 70 84 және
Алматы қаласындағы Абай даңғылы, 35/37, тел. (727) 267 13 95,
Гоголь көшесі, 108, тел. (727) 279 29 13,
Қабанбай батыр көшесі, 109, тел. (727) 267 54 64,
Жандосов көшесі, 57, тел. (727) 221 25 21, 221 34 06,
Бруно көшесі, 95, тел. (727) 256 05 55,
Әл-Фараби даңғылы, 63/17, тел. (727) 387 17 24,
Майлин көшесі, 224 «А», тел. (727) 386 16 89
кітап дүкендерінен сатып алуға болады.

Кітаптарды «Кітап-пошта» бөлімдері арқылы алуға да болады.
Мекенжайымыз: 010000, Астана қаласы, тел. (7172) 53 70 84, e-mail: Nasihah@almatykitap.kz;
050035, Алматы қаласы, тел. (727) 221 34 06, 221 25 21, e-mail: Jalyn@almatykitap.kz;
050036, Алматы қаласы, тел. (727) 256 05 55, e-mail: Arman@almatykitap.kz.
Интернет-дүкен: www.almatykitap.kz.
Маркетинг бөлімі: (727) 292 92 23, 292 57 20,
e-mail: almatykitap@mail.ru.

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2012

Ақша қайдан келеді және олар қалай әрекет етеді?

Ақша – сізге төленетін және қалаған затыңызды сатып алуға мүмкіндік беретін жай ғана құрал ма?

Ақша қалай өседі?

Осы сұрақтар мені бала кезімнен, маған алғаш рет мен ойлағаннан әлдеқайда көп қағаз ақша сыйлаған сәттен бастап мазалады.

Мен оны сақтап қойғым келді, әрі сол мезетте-ақ бәрін бірден жұмсап жібергім келді. Қағаз ақшаға, ондағы үлкен цифрға қайта-қайта қарап, таңырқаған сәтім әлі күнге есімде.

Осы тәріздес сұрақтар қаржы әлеміндегі алғашқы жұмысыма кіріскен кезде мені тағы мазалай бастады. Бұл жолы мені таң қалдырған үлкен сомадағы қағаз ақша емес, колледжде бірге оқыған жолдастарымның өте ірі сомадағы ақша қорлары болатын.

Олардың кейбіреуі миллионер емес, миллиардер болып кетіпті!

«Мұнда қанша нөл бар?» деп ойладым алғашқыда.

Бірақ келесі ойым мынадай болды: Менің ескі достарым ақша жайында мен білмейтін қандай деректерден хабардар екен? Олар мен білмейтін қандай тәсілді үйреніп алды екен?

Осы екі сұрақ менің ақша әлеміне саяхатымның басы болды.

Бұл сапарда мен ақша жайында бәрін білдім, ақшаның қалай әрекет ететінін және ақшаның «дүниені шыр айналдыратынын» түсіндім. Менің бұл саяхатым өзім ойлағаннан да қызықты, ақпаратқа бай болып шықты. Мен мына кітапта осының барлығын сендермен бөліскім келеді. Ақшаның қалай әрекет ететінін және оны қалауыңша жұмыс істейтіндей етіп қалай бағындыру керектігін әңгімелей отырып, кітап сені қызықтырсын, шабыттандырсын және алға жетелесін.

Сендерге барлық жағдайда жарқын да, сәтті болашақ тілеймін!

Alvin Hall

ЭЛВИН ХОЛЛ



МАЗМҰНЫ



АҚША тарихы

.....



Сенің ҚАЛТАҢДА не бар?

.....




ЭКОНОМИКА дегеніміз не?

.....



БИЗНЕС жайында әңгімелесейік

.....



Ақша дегеніміз не?	8	Әлем ақшалары	20
Мәміле жасалды ма, әлде жасалмады ма?	10	Ақша өндірісі	22
Сиырдан тиынға шейін	12	Таңғажайып пластикалық карталар	24
Ақша дүниені шыр айналдырады	14	Нарық ойнау	26
Сауданың қыры мен сыры	16	Ақшасыз сауда-саттық жасау	28
Қазіргі ақшалар	18		



Сенің қалтаңда не бар?	32	Не нәрсеге мұқтажсың?	40
Жұмсау ма, кейінге қалдыру ма әлде жинақ есепшотына салу ма?	34	Күнкөрістің ең төменгі деңгейі	42
Ақшаны дұрыс жұмсау	36	Келер күннен не күтеміз?	44
Нені қалайсың?	38	Бәрін жеңімпаз әкетеді	46



Таңдау және тағы таңдау	50	Дүниежүзілік экономика	60
Әлемдегінің бәрі	52	Бағаның өсуі мен түсуі	62
Жоспары бар адам	54	Салық	64
Ұсыныс пен сұраныс	56	Өмірдегі ең жақсының бәрі – тегін	66
Еркін нарық деген не?	58		



Жұмыс істеудің керегі не?	70	Нарыққа апарар ұзақ жол	82
Сен тұтынушысың	72	Кемелденген әлемге арналған бизнес	84
Бұл не?	74	Оларды қалай жұмсау керек?	86
Пішім және өлшем	76	Миллиардер	88
Біз қалай жұмыс жасаймыз?	78	Мінекей, жеңімпаздар	90
Қиялдан іс жүзіне	80		

– Онша дәмді емес, бірақ менде басқа ештеңе жоқ...



– Қанша қыссам да, шырын шығара алмадым...



– Менде ыңғайлы материалдар болғанда, мен сенімдірек баспана салып алар едім...



– Кешіріңіз, қолма-қол есеп айырысуға бола ма?



АҚША ТАРИХЫ



“ Егер сен елсіз аралға тап
болсаң, тірі қалуыңа ешқандай
ақша көмектесе алмас еді – ақша
тамақ та, сусын да болмайды,
ақшадан баспана сала алмайсың,
ақшаның көмегімен жабайы
аңдардан қорғана алмайсың.

Онда ақша неге құнды? Жауап былай:
барлық адам оның құнды екеніне келіскен.
Ал келісімнің мәні мынада: оның көмегімен
бірнәрсе сатып алуға және сатуға болатындықтан,
ақша құнды деп саналады. Бір таңғаларлығы, олар
соншалықты пайдалы болса да, ақшаны ешкім
ойлап шығармаған.

Олар өздігінен пайда болған.





АҚША дегеніміз не?

Ақша – **фунт**
және **пенс** (және доллар
мен цент) екенін білеміз.
Бірақ оларды *не үшін*
қолданады?



**Ақша –
айырбас
құралы.** (Басқаша
айтқанда, ақшаны түрлі
нәрселер сатып алу
үшін қолданады).

**Ақша –
дүние жинау
құралы.** (Басқаша
айтқанда, қазір емес
кейін жұмсау үшін оны
жинап қоюға болады).

**Ақша –
есеп айырысу
бірлігі.** (Басқаша
айтқанда, заттардың
қанша тұратынын
көрсететін әдіс).



Зат сатып алу

Ақша пайда болғанға дейін адамдар баспабас айырбас арқылы тікелей *айырбас* жасайтын болған – сиырымды шошқаға айырбастаймын. Бірақ айырбас жасалуы үшін екі адам қажет, олар бір-бірінде не бар екенін білуі жөн және *мәміленің* бір мезгілде жасалуын қалауы керек. Егер мәмілеге тағы бір нәрсені қоссақ, айырбас оңайланады. Бұл бір нәрсе *айырбас құралы* болып саналады. Енді мәміле былай жасалады: Сиырымды біреудің бес нәрсесіне сатамын. Кейін осы бес нәрсені сенің шошқа үшін беремін. Екеуіміз де нәрселерімізді пайдаланып қалаған кезімізде, қалаған адамымыздан қалаған затымызды ала аламыз.



Қор жинау

Сиырды сатып, оның орнына сатып алған бес нәрсенді сақтап қойсаң, кейінірек оларды басқа нәрсе сатып алу үшін қолдануға болады. Егер осы нәрселер өздерінің *құнын* сақтап тұрса, онда бір жылдан кейін сен оларға басқа сиыр сатып ала аласың. Сен жинаған ақшаңнан пайда көре аласың, бірақ мынадай бір қауіп бар – сиырдың бағасы алты нәрсеге дейін көтеріліп кетуі мүмкін. (Бұл *құнсыздану* деп аталады. Сен ол жайында 43-беттен толығырақ мәлімет ала аласың). Егер осындай жағдай болса, сенің ақшаң өзінің құнын жоғалтады.



Олардың бағасы қанша?

Көрме залында екі жеңіл машина бар. Біреуі 4 мың фунт стерлинг, ал екіншісі 12 мың фунт стерлинг тұрады. Екеуінің бағасын салыстырғанда, сен 12 мыңдық жеңіл машинаның бағасының жоғары екенін бірден байқайсың (демек, бұл жеңіл машина не үлкенірек, не жақсырақ болуы керек). Көрме залының иесі *есеп айырысу бірлігін* өзінің іс кітабында да қолдана алады. Ол өзінде 15 жеңіл машинаның бар екенін емес, бағасы 180 мың фунт стерлинг тұратын жеңіл машиналарының бар екенін айта алады.



МӘМІЛЕ жасалды ма, әлде жасалмады ма?

...немесе адамдар ақшаны қалай ойлап тапты.

Өз тауарыңды біреудің тауарына тікелей айырбастасаң, ол *баспабас* деп аталады. Бірақ баспабас айырбастың салмақты бір міні бар — сен өзіңе керекті заты бар адамды табуың қажет және сенде сол адамға керекті зат болуы керек. Айтпақшы, сен ол адамға *қайтарым* бере алмайсың. Бұл мәселенің шешімі тамаша — бұл **АҚША**. Себебі былай...

Боб ойланады...



Осылайша жалғанған қосымша үзік көмегін берді.

Келесі күні



Сен өз затыңды тағы басқа да заттарға айырбас жасай аласың.


**МӘМІЛЕ
ЖАСАЛДЫ.**

ЭВРИКА!



... айырбас іске асты.


Бірнеше газыр өткен соң



Бірақ тиынды барлық жерге алып жүру әрі ыңғайсыз, әрі қауіпті еді.

**МӘМІЛЕ
ЖАСАЛДЫ.**

Банкте



Сөйтіп адамдар тиындарын банкте қалдыратын болды...

**ТИЫН
ОЙЛАП
ТАБЫЛДЫ.**



Бұл оқиға өте еңгелден басталады...

Көптеген жылдар бұрын...

МӘМІЛЕ
ЖАСАЛДЫ.



Ақша пайда болғанша адамдар баспабас айырбасты қолданды...

Біраз уақыт өткен соң

МӘМІЛЕ
ЖАСАЛ-
МАДЫ.



... Олар қиындыққа тап болды.

МӘМІЛЕ
ЖАСАЛДЫ.

Боб вегетариан шығар деп ойлаймын...

АҚША
ОЙЛАП
ТАБЫЛДЫ.



УАҚЫТ ӨТЕДІ

– Алма тез бұзылады, оның үстіне оны бәрі керек ете бермейді.



– Бұған үлкен жылтырақ тастар жарамды. Олар бұзылмайды, оларды бәрі жақсы көреді.



– Ал арзандау затқа тұтас тасты емес, ұлу қабыршағын беруге болады...



Халық кез келген адам қалайтын затпен айырбас жасағанды жөн көрді.

ЭВРИКА!

– Банк қағазын екі тауыққа аласың ба?

– Келісемін!



МӘМІЛЕ
ЖАСАЛДЫ.

– Біз алтын жұмыртқалар басып шығармаймыз, білесіз бе...

ҚАҒАЗДАН
ЖАСАЛҒАН
АҚШАЛАР
ОЙЛАП
ТАБЫЛДЫ.

Жалғасы бар...

Өздігінен банкноттардың құны жоқ. Алғашында олар банк қоймасында сақталатын шынайы құнды заттар (әдетте алтын немесе қымбат бағалы металл) болатын. Қазіргі кезде әлемде алтын аса көп емес, сондықтан банктердің айналымда жүрген ақшалай қаражат баламасына сәйкес келетін алтын қоры жоқ. Ал бұл банкноттарды (ақшаны) алтынға айырбастай алмайсың дегенді білдіреді. Іс жүзінде біздің қазіргі ақшамыздың құндылығы – біздің оның құндылығына сенетінімізде.

... сауда банк қағазы (банкнот) арқылы жасалды!




Сиырдан тиынға шейін

Біз ақшаны қағаз ақша және тиын түрінде білеміз, бірақ ең ежелгі ақшалар сенің қалтаңа сыймас еді!

Сиырлар

Адамдар заттарды, мысалы сиырларды, өздеріне керекті басқа заттарға айырбас жасау жүйесінен басталған.



Күміс құймалар

Нақты құны салмағына сәйкес келетін құймалар ақша ретінде әлемнің көптеген түкпірлерінде қолданылған. Қытайда күміс құймалар ақша орнына б.з.д. 5000 ж. шейін қызмет етті.

Күміс құймалар



Ұлу қабыршағы – каури

Қытай ақша белгісі ұлу қабыршағы – каури пішінінде. Ол б.з.д. 1200 ж. бастап валюта қызметін атқарған.



Ұлу қабыршағы – каури

Валюта түрлерін және оның

Б.з.д. 9000 ж.

Б.з.д. 3000 ж.

– Сауда жасағанда қолхат (түбіртек) алуды ұмытпа!

– Жарайды. Рахмет, Құдайғағала.

Осы уақыттан банк қызметі басталады

Өте ертеде, тіпті б.з.д. 3000 ж. Вавилон тұрғындары өздерінің құнды заттарын арнайы жабдықталған шіркеулерде сақтаған. Б.з.д. 1800 ж. Хаммурапи патша әділ сауда жайында заңдар жинағын шығарды. Вавилон сауда орталығы саналды, сондықтан заңдар бизнесті жүргізу, мәміле жасалмаған жағдайда не істеу, есептің маңыздылығы жөніндегі мағлұматтардан құралады.

Мына тас мүсін Хаммурапи патшаның Күн құдайынан Заңдар жинағын алып тұрған кезін бейнелейді.

Юнона Монета

Римде мен батырмын...

Келесі жолы, қалтаңнан ұсақ ақшалар іздеген кезде, ертедегі ақшаға қарағанда, біздің қазіргі ақшамыздың өте ыңғайлы зат екенін ұмытпа...

Лидия патшасы



– Мен өзімнің еңбегімнің ауырлығына қарай алтын тиын ала аламын ба?

Сиырдан тиынға шейін



Тиын патшасы

Лидия патшасы Крездің байлығымен даңқы шыққан. Ол екі түрлі – алтын және күмістен жасалынған тиындардан дүние жүзіндегі ең алғашқы ақша жүйесін ойлап тапқан.

Құралдар үлгісі

Ертеде еңбек құралдары ақша ретінде қолданылған. Біраз уақыттан кейін олар күрек пен пышақ үлгісіне ауыстырылды. Еңбек құралдарының үлгісі Қытайда б.з.д. 1000 және 500 ж. аралығында пайдаланылған.

Пышақ үлгісіндегі тиын



Электрумнан жасалынған тиындар

Қазіргі тиындарға ұқсайтын тиындар б.з.д. 640 ж. Лидияда жасалынған. Оларды электрумнан (алтын мен күмістің қатты ерітіндісі) әзірлеген.

Электрум тиындары



Қағаз ақшалар


Ең алғашқы қағаз ақшалар 1400 жыл кейін, біздің эрамыздың 800 ж. Қытайда пайдаланылған. Бұлар өте көп жасалынды, сондықтан ұзамай олар құнын жоғалтты. Сөйтіп 1455 жылы оларды шығаруды тоқтатты.

Қытай қағаз ақшасы



тарихын зерттейтін ғылым «нумизматика» деп аталады.

Б.з.д. 390 ж. Б.з.д. 323 ж. Б.э. 800 ж.



Галлдар қаздарға қарсы

Ежелгі римдіктер өздерінің ақша қорларын Капитолий ғимаратында сақтаған. Б.з.д. 390 жыл галлдар алтын тонау мақсатымен Капитолийға шабуыл жасады. Бірақ оларға қаздар кедергі жасады. Құстар қаңқылы римдіктерге галлдар шабуылын ескертті, римдіктер қаздарды Хабаршы – Құдай Юнона Монета жіберді деп сенді. Оның есімінен «монета» сөзі шыққан.

ҚАҢҚ!

ҚАҢҚ!



Мемлекеттік астық қоймалары

Ежелгі Мысырда бидай валюта ретінде пайдаланылған және жергілікті бидай қоймалары банк секілді жұмыс істеген. Банк операцияларының барлық хаттамалары Александриядағы орталық бидай қоймасында жүргізілген. Осы есептерді пайдаланып, адамдар бір-біріне бидай бере алған. Қазір осындай операцияны ақшамен жасайды және ол «несие аударымы» деп аталады.

– Біз үшін бұл ақша емес, бұл – тамақ.



Ням-ням!

Жібек, дәмдеуіштер және 100 км
басқа да тәуір нәрселер

Ақша

дүниені шыр АЙНАЛДЫРАДЫ

Орта ғасыр зерттеу
жұмыстарының көптігімен есте
қалады. *Шытырман оқиға іздеушілер*
мен *саудагерлер* дүние жүзіне
саяхат жасап, жаңа сауда
жолдарын ашты,

жаңа тауарлар тапты
және үйлеріне жаңа
идеялармен

ОЛЖАЛЫ оралды.

– Жер! ЖЕР!



Поло
(1254–1324)


1275



– Мен еуропалықтарға қағаз
ақша жайында айтқанмын
Ал олар мені 400 жылдан
кейін ғана тыңдады!

Марко Поло баспа станогын ойлап шығарды

Еуропадан Қытайға Жібек жолымен саяхат жасап
жүрген кезінде Марко Поло қытайлықтардың
қағаздан жасалған ақша қолданатынын көріп
таңқалды. Ол кезде Еуропада тек қана алтын
мен күміс пайдаланылатын. Егер Марко Поло
ертректе қытайлықтардың ұлу қабыршағы –
кауридi, еңбек құралдарын және ақ күдерінің
үлкен құрағын валюта деп есептегенін білгенде,
бұдан да бетер таңқалар еді.



Жібек жолы



АБАЙЛАҢДАР,
БҰЗАҚЫЛАР!

Ақша дүниені шыр айналдырады



Коммерциялық сауда

Саудагерлер тауарларын негізінен тауар өндірмейтін жерлерге апарып сататын. Бірақ саяхат қауіпті кәсіп және көп уақыт алады, сондықтан ол осының бәрін ақтауы керек. Бұның шешімі – көп мөлшерде тауар жеткізу болды, сөйтіп, коммерциялық сауда дүниеге келді. Б.з.д. 4 ғасырға таман Азия мен Еуропа үстінен «Хош иіс жолы» қалыптасты.

Қасарысқан Колумб

Зерттеу ғасырының қызған кезі, халықтың сауда жасауға ықыласы оянды. Қытай мен Үндістаннан қымбат бағалы жібек пен тәттілер жеткізу – бұзақылар, қарақшылар, теңіз дауылы, жүк жеткізуге байланысты кейбір қиындықтар сияқты қауіпке толы ұзақ әрі қатерлі саяхат еді. Оның үстіне бұл қымбатқа түсетін; ол кезде еркін сауда болмағандықтан, бір елден екінші елдің портына жүк артқан кеме өткен сайын, жүкке баж салығын төлеуі тиіс болды. Колумб басқа жолды байқап көруге бел байлады: «теңіз–мұхит», яғни Атлант мұхитын тікелей жүзіп өтпек болды. Атлант мұхиты – аңыздар мен құбыжықтар заманы үшін қорқынышты болатын, кейбір адамдар экваторды кесіп өтсең, өліп қаласың дегенге сенетін.



Колумб
(1451–1506)

1492

1498

1519



Дәмдеуіштер қайта оралды

Қымбат (бағалы) үнді дәмдеуіштері мен Еуропа саудагерлері арасында дәмдеуіш саудасына монополия ұстайтын Солтүстік Африка маврлары еді. Португалдықтар жеке басқаруды қалады, сөйтіп зерттеуші Васко да Гаманы Үндістанға апаратын теңіз жолын табуға жіберді. Португалдықтар Африка жағалауын бойлай жекеменшік колонияларын орнатты, жақын жүзген кемелерге салық салды.



Васко да Гама
(1460–1524)



Кортес
(1485–1547)

Эль Конкистадор

Ол замандарда дәмдеуіштер алтыннан кем бағаланбайтын, бірақ алтын маңызды ақша бірлігі болып қала берді. Испан саяхатшысы Эрнандо Кортес алтын іздеп, жарты әлемді жүзіп шықты, Оңтүстік Америка тұрғындары – ацтектерді жаулап алды. Олардың жерін тонап, Испанияға қайтатын кемесіне сыйғанынша дүние толтырып әкетті.



тіпті кейде **АЛТЫННАН** да *қымбат* бағаланатын!



Сауданың *қыры* мен *сыры*

Халықаралық сауданың МҮМКІНДІГІ молайған кезде бизнес **өркендей** бастады. Ақша *стандартты формаға* келе бастап, сауданы **оңайырақ** және **әділ** етті.

Қор биржасы

Акцияларын сатып, компаниялар пайдаларын көбейте бастады (26-бетті қара). Өз кезегінде инвесторлар болашақтағы табыстан үлес алатын болды. Әлемдегі ең алғашқы акциялар Датч Ист Индия Кампани компаниясы үшін шығарылған, олар 1602 жылы Амстердамдағы бірінші ресми қор биржасының ғимаратында сатуға қойылды. Оған дейін биржа делдалдары сауда-саттықты кофеханада немесе оның жанында өткізуге жиналатын.



Қызғалдаққа әуестік

Экзотикалық тауарларды жоғары бағамен сатуға болады. Орта дәрежедегі голландықтар қызғалдақ саудасына бейімделе бастады – ол қор биржасындағы Түркиядан әкелінген жаңа тауар болатын – кейде олар осы бизнеспен айналысу үшін тіпті үйлерін де сатып жіберетін. Бірақ 1637 жылы баға 90 пайызға дейін түсіп кетті, сөйтіп олар сәтсіздікке ұшырады.



1602

1637

Адам Смит
(1723–1790)

1776

– Көзге
көрінбейтін
қолымды қыс!

КӨМЕКШІ ҚОЛ

Адам Смит экономиканың атасы болып есептеледі. Ол 1776 жылы жарияланған «Табиғатты зерттеу және халықтың баю себептері» еңбегінде еркін нарықтың барлық қоғам үшін береке әкелетінін дәлелдеді. Егер адамдарда өз мүдделері үшін әрекет ету бостандығы болса, оларды қоғамға да пайдалы істер істеуге мәжбүр ететін, мысалы, адамдарға қажет өнімдер, «көзге көрінбейтін қол» жетелейді.



Капитализм КОММУНИЗМГЕ қарсы

Маркс капитализмді жоғары класс өкілдері жұмысшы класс өкілдерін қанау арқылы пайда табатын жол деп қарастырды. Жұмысшыларға ақы төленеді, бірақ олар алған ақысынан әлдеқайда артық жұмыс жасайды деді Маркс, қалғанын осының арқасында байып отырған жұмыс берушілер иеленеді. Ал коммунизм заманында барлығы ортақ, ешкімнің жекеменшігі болмайды, демек ешкім езгіге түспейді.

– Барлық елдің
пролетарлары, бірігіңдер.
Бұғаудан басқа
жоғалтарларың жоқ!

Доллар

1792 жылы қабылданған АҚШ ақша заңы доллар мен центтен Америка Құрама Штатындағы жалғыз ресми валюта бірлігін жасады. Бұған дейін әр штаттың жекеменшік валюталары болған. Мысалы, Вирджинияда олар темекі жапырақтарын пайдаланған (кейінірек темекіден жасалынған қағаз ақшалар қоймада сақталынған). 1794 жылы сол кездегі АҚШ астанасы Филадельфияда АҚШ Теңге сарайы ашылды.

Ескі үлгідегі
доллар



Карл Маркс
(1818–1883)



1792 1816

Алтынмен тең

1816 жылы Британ үкіметі алтын стандартты енгізді, бұл бойынша валюта құны алтын құймасының белгілі бір салмағына байланысты болды. Егер сенде 1 фунттық банкнот болса, сен оны банкте бағасы бір фунт тұратын алтынға айырбастай алатын едің. Көптеген елдер алтын стандартты қабылдады, сөйтіп ол барлық валюта өлшенетін халықаралық стандартқа айналды. Британияда алтын стандарт 1931 жылы жойылды, ал АҚШ-та ол 1973 жылға дейін сақталды.



Соверен 1 фунт
стерлинг тұратын
алтын тиын
болған.

Карл Маркс

Капитализмді жұрттың бәрі бірдей жақсы идея деп есептеген жоқ. Англиядағы (өз заманындағы ең дамыған өндірісті ел) жұмыстың капиталистік тәсілін зерттеген Маркс 30 жылдан кейін өз пікірлерін «Коммунистік партияның манифесті» және «Капитал» еңбектерінде жариялады, сөйтіп коммунизм дүниеге келді.

Алтын құймалары